

1 секция
ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР
НАЦИОНАЛЬНАЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ЛИЧНОСТИ В
ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ ХХ ВЕКА

ӘОЖ: 821.512.122

Шәріп Амантай Жарылқасынұлы *
ф.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ ҚЫЗМЕТІ

Автор корреспондент: amantay_sh@mail.ru



Фото 1 . С.Қожанов 1894-1937

Түйін: Мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанұлының әдеби қызметі екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншіден, С.Қожанұлының ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ әдебиетін дамытуға белсенді ұйымдастырушылық әрекеттері арқылы қосқан үлесі бағаланады. Бұл Абай Құнанбайұлының, Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын солақай пролетарлық мәдениет сынынан қорғауынан, Алаш арысы Міржақып Дулатұлының әдеби қызметіне жағдай жасауынан, ұлы ақын Мағжан Жұмабайұлының өлеңдер жинағын Ташкентте алғы сөзбен жарыққа шығаруынан, өзі басқарған «Бірлік туы», «Ақ жол» газеттерінің бетінде сол тұстағы қазақтың талантты ақын-жазушыларының (М.Әуезұлы, Ж.Аймауытұлы, І.Жансүгірұлы, А.Мәметұлы, т.б.) үздік туындыларын жариялап отыруынан көрініс табады. Екіншіден, С.Қожанұлының өз көркем шығармашылығының негізгі бағыттары көрсетіліп, оның ақындық, аудармашылық және әдеби сыншылық қызметі жөнінде сөз болады. Өлеңдерінің идеялық-көркемдік және жанрлық сипаттары айқындалып, орыс ақындарынан жасаған тәржімаларының ерекшеліктері мен әдеби көзқарастары талданады.

Кілттік сөздер: Сұлтанбек Қожанұлы, қазақ әдебиеті, поэзия, көркем аударма, әдеби сын.

Кіріспе. ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы ел басқарған алаш азаматтарының көбіне тән қасиет – әмбебаптық. Олардың қатарында шығармашылық жұмыспен шұғылданғандары көптеп кездеседі. С.Садуақасұлы, Т.Жүргенұлы, С.Аспандиярұлы, Н.Төрекұлұлы, А.Асылбекұлы, т.б. мұра етіп қалдырған әдеби-публицистік туындылар – өте бағалы байлық. Сондықтан осы қайраткер-қаламгерлердің рухани мирасын саралап-салмақтау әдебиеттану ғылымының өзекті міндеті ретінде күн тәртібінен түспейді.

Сұлтанбек Қожанұлы да мемлекет және қоғам қайраткері болумен қатар, қазақ әдебиетінің тарихында лайықты із қалдырды. 1921 жылы толтырған анкеталарының

бірінде ол «Әдеби жұмысқа араластыңыз ба?» деген сауалға: «Қырғыз (қазақ – А.Ш.) газетіне редакторлық еттім және редакторлық етіп келемін», – деп жауап беріпті [1, 28].

Бұл жерде «редакторлық еттім» дегені «Бірлік туы» газеті (1917-1918) болса, «редакторлық етіп келемін» деп айтып отырғаны – «Ақ жол» газеті (1920-1926). Екі басылымның да алғашқы сандары Ташкент қаласында – бірі Қазан төңкерісіне дейін, екіншісі Кеңес өкіметі орнаған соң жарық көрген. Бірінші газет Түркістан мұхтарыятының (автономиясының) үні ретінде кеңінен танылса, кейінгісі Кеңестік Түркістанның орталық партия басылымы бола тұра, өз төңірегіне Алаш қайраткерлерін жиыстырған ұлттық сипатымен ерекшеленді.

С.Қожанұлының өлеңдері, аудармалары және әдеби-сын мақалалары негізінен осы екі газетте, сондай-ақ сол тұстағы «Еңбекші қазақ», «Тілші», «Жас қайрат», «Правда

Востока», «За партию», т.б. басылымдарда жарияланды. Ол «Тоқпақ», «Тарпаң», «Замандас», «Қияқ» деген бүркеншек есімдерді пайдаланған.

Жазушы Сәбит Мұқанов өзінің естеліктерінде: «Обкомдағы кабинетіне барған мені Сұлтанбек жылы шыраймен қарсы алып, шүйіркелесе, теңдесе сөйлесті. Оның да өлең жазатынын сонда ғана білдім. Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналындағы «Тоқпақ» және «Замандас» соның псевдонимі екен. Ол жалпы әдебиетті, оның ішінде қазақ баспасөзін көп оқитын адам екен» [2, 129], - деген мәлімет берсе, ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: «Ол өткір тілді, тапқыр, кең тұлғалы кісі-тін. Қызыл тілге келгенде, мен ондай шешен адамды көрген емеспін. Ашуы жоқ, мінезі дарқан, сөздерін тастай етіп айтатын арыстан туған кемеңгер адам еді» [3, 153], - деп сыр тарқатады.

С.Қожанұлының қаламгерлік қарым-қабілеті жайында оны көзімен көрген С.Мұқановтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Ғ.Ахмедовтың естеліктерінде маңызды айғақтар ұшырасады. Профессор Т.Қожакеев бірінші болып Сұлтанбектің әдеби-публицистік жарияланымдары туралы арнайы мақалалар жазып, оларды өзінің «Көк сеңгірлер» кітабына (Алматы: Қазақ университеті, 1992) енгізді. Сондай-ақ, Р.Бердібаевтың, Б.Қойшыбаевтың, Р.Раджапованың, М.Бурабаевтың, Ж.Әлмашұлының, Б.Қорғанбековтің зерттеулерінде түрлі топшылаулар бар.

Сегіз қырлы, бір сырлы қайраткер-қаламгердің әдеби-публицистік мұрасын Ресей, Өзбекстан және Қазақстан архивтері мен кітапханаларынан іздеп тауып, тұңғыш рет оның шығармалар жинағында топтастырған болатынбыз [4]. Содан бері С.Қожанұлының әдеби мұралары ғылыми айналымға толығырақ ене бастады.

Теориялық талдау. ХХ ғасырдың 20-жылдарында қазақ әдебиеті идеялық қайшылықтар, шығармашылық таластар барысында дамыды. С.Қожанұлының әдебиет жөніндегі көзқарастары да сол қым-қуыт ортада қалыптасты. Әлгі Сәбит Мұқановпен арада болған мына бір әңгімесі оның сөз өнері саласындағы идеялық және эстетикалық талғам-тілектерін біршама аңғартады:

«Сен, Сәбит шырағым, - деді жасы үлкен ағалық ақылы сияқты дауыспен, - «пролетариат жазушысы болам» дегенді қойсайшы! Сәкен ғой, осы жоқ нәрсені бар қылам деп жүрген. Ең алдымен, сол Сәкеннің өзі бола алмайды ғой пролетариат жазушысы. Қайдан болады ол? «Бай ұлы болсаң – Адай бол, Арғын болсаң – Алтай бол» демей ме қазақ? Сол Алтайдың ішінде, Сәкен ең ірі атаның бірі – Жәнібекке жататын көрінеді. Әкесі – Сейфолла серілік құрғаннан басқаны білмеген. Сәкен соның мырза баласы боп өскен. Революцияға араласуы – әлдеқалай бір нәрсе. Мырзадан революционер шыққан емес.

Іштей толып жатқан таласым бола тұра, «бетін түгел көріп алайын» деген оймен Сұлтанбекке қарсы жауап айтқан жоқпын. Менің өз жайыма келгенде, астыма көпшік қоя сөйлеп:

- Сен, әрине, талантты жастың бірісің. Биографияңнан да хабарым бар. Сенің әдебиетте де кедейшіл болмауға правоң жоқ. Өлеңдеріңнің көркемдігі жетіп болмағанмен, мазмұн жағынан өз бағытыңда жаман шықпайды. Көркемдік жағынан өсуге уақытың ба, - әлі жассың. Қызыл езулікті қою керек те, шеберлену жағына күш салу керек. Бұл саған

шын ағалық, адамдық жүректен айтып отырған сөзім, - деді.

- Сенем, - дедім мен, әлі де сөз таластырғым келмей» [2, 129].

С.Қожанұлының осы диалогтағы пікір-пайымдарын оның «Ақ жол» газетіндегі жарияланымдары дәйектеп бере алады. Соның бірі – «Жақындық па, жалақорлық па?» атты айтыс мақаласында [5] ол Сәкен Сейфуллинмен және Сәбит Мұқановпен ой ұстастырды. Автор екі қаламгердің «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты мақаласының (Еңбекші қазақ. 1924, 19 ақпан) теріс тұжырымдарын сын тезіне салды.

Алдымен С.Қожанұлы әдебиет тарихын дәуірлеу турасында: «Зарқұм», «Сал-сал», «Кербалаға» ұқсаған қиссалар қазақтың ұлт әдебиетіне һәм жазба әдебиетіне жатар ма? Қазақтың ұлт әдебиетіне орыс тілі кіріп кетті қылып, бір-екі қылжақбас тілмаштың өлеңін келтіріп, мұны әдебиеттің бір дәуірі деп санауға бола ма?» - деп дауласты.

Әлбетте, бұл секілді байламды оның жөн-жосықсыз жасай салмағаны анық. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» қазақтың жазба әдебиетінің тарихын «діндар дәуір» және «ділмар дәуір» деп екіге бөлгенімен: «Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес. Басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [6, 178], - деп тұжырымдаған. Дін қиссаларын әдебиеттегі ағым ретінде бағалаған Мұхтар Әуезовтің пікірінше, сол бағыттағы дүниелердің «көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндары да түгелімен мұсылман ғаламынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер» [7, 10].

Ал қайраткер-қаламгер Смағұл Садуақасұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 15-16 ақпандағы санында жарияланған «Әдебиет әңгімелері» атты мақаласындағы: «Сәбит «Еңбекші қазақта» жазған мақаласында «біз орыс әдебиетінен ғана үлгі аламыз» дейді. Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы – бізге үлкен үлгі. Осыны түсінсе, Сәбиттің өсуінде сөз жоқ» [8, 303], - деген пайымы С.Қожанұлының ойларымен үндеседі.

Екіншіден, Сұлтанбек жеке тұлғаларға таңылған бағаларға байланысты таласқа түсті. Сәкен мен Сәбиттің мақаласында «Төңкеріске дейін жасап келген әдебиет дәуірінде оза шығып, бәйге алатын кісі жоқ. Көптің күшімен атау алып отырғандарды әдебиет ағасы деп санауға болмайды» деген үзілді-кесілді пікір айтылып еді. Мұны «өзі оза алмағанға ыза болған адамның сөзі» деп тапқан Сұлтанбек: «Ұлт әдебиетін жасау, тіл түзеу 1905-інші жылдан ғана басталады» десек, онан бұрынғы Алтынсарин, Абайға ұқсағандар орыс тілін таратқан жазушылар болғаны ма? Қазақта жазба әдебиетінің ағасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, кім болады? Басқа да аға бар ма? Бар болса, кім?» - деп қарсы сауал қояды. Тапшыл идеологияның тегеуріні күшейген тұстың өзінде де ұлттың асыл арналарынан айнымауы С.Қожанұлының биік мәдениеті мен берік мінезінің айғағына айналды.

Сұлтанбек осы мақаласында өзі айрықша ардақтаған Ахмет Байтұрсынұлын «тіл тазартуға тынбай еңбек қылып келе жатқан, амал мәселесін іс жүзінде шешіп, тіл құралдарын жазған, қазақтың ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері» деп дәріптеді. Ол бұл сөздерінің дұрыстығын іс жүзінде дәлелдеп, ұлы ұстазының елу жылдық мерейтойының Ташкентте аталып өтуіне мұрындық болды, атақты «Қырық мысалының» үлгісімен орыс ақыны Д.Бедныйдың мысалдарын қазақ тіліне аударды, әдебиет теориясына қатысты көп ізденіс жасады.

С.Қожанұлы әрдайым осындай құрметті Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлына да көрсетті. Олардың 1912 жылы Түркістанда басталған ағалы-інілі қарым-қатынасы ешқашан үзілмей, ел мұраты жолындағы ұмтылыстарына дем беріп отырды. Сұлтанбек Міржақыпқа «Ақ жол» газетінің шығармашылық тізгінін тапсырып, тізе қоса жұмыс істеді. Оның Ташкенттегі «Колизей» театрында 1921 жылғы 9 қаңтарда қойылған «Балқия» пьесасы туралы алғашқы болып пікір жазды [4, 171]. Міржақып секілді,

Сұлтанбек те «Есептану» оқулығын жарыққа шығарды.

С.Қожанұлы жоғарыдағы мақаласында Сәкен мен Сәбиттің: «Ақындардың барлығы ноғай һәм орыс ақындарының сөздерінен ұрлап қана жаза алады. Өз миларынан шығарғандары шамалы. Соның бірі – Мағжан Жұмабайұлы. Жұмабай баласы – ноғай мен орыс ақындарының көшірмесі», - деген жөнсіз байламдарына да тойтарыс берді. Ол соқыр еліктеу мен саналы үйренудің арасындағы жер мен көктей айырмашылықты аңдатып: «Әдебиет ұрлығы деп еліктеуді айта ма, жоқ, Сәкеннің үзеңгі жолдасы Көлбай Тоғысов дегеннің істегендері – біреудің өлеңін көшіріп, астына қол қойғандығын айта ма?» - деп қарсы шабуылға көшті. Бұрынырақта, «Қазақ» пен «Бірлік туы» газеттерінде Көлбайдың саясаткерлігі мен суреткерлігін жоққа шығарған бірнеше мақала басылған болатын. Мысалы, Міржақып Дулатұлы өзінің бір мақаласында (Қазақ, 1916, №175) Көлбайдың «Надандық құрбаны» драмасына сын айтып келеді де: «Әдеби ұрлықтар туралы тағы бір кезі келгенде жазылар... Сөйтіп, тұңғыш көрген театр кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештерінде қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды» [9, 274], - деп кесім айтады. Бұл арада Міржақып пен Сұлтанбектің әр кезеңде жарық көрген мақалаларындағы пікір сабақтастығын аңғару қиын емес.

С.Қожанұлы Сәкен мен Сәбиттің «Ел тұрмысы қала тұрмысынан, әрине, артық. Елде бейнет жоқ. Сондықтан ел әдебиеті қаладан көркем» деген сөздерін сынаған Сұлтанбек бұл қарабайыр қорытындыны «еңбекшілердің ұрыншысымын» деп жүрген Сәкенге жарамсыз деп санады. Айта ететін нәрсе, «дала өмірі» мен «қала өмірі» тақырыптарының төңірегінде сол шақта туған алуан түрлі айтыстар – мәдениет тарихшыларының әлі күнге дейін онша талдап-тексермеген мәселесі.

С.Қожанұлының «Жақындық па, жалақорлық па?» атты бағдарламалық сипаты бар мақаласынан, сөз жоқ, әдеби түсінігі мен тұғыры, эстетикалық талғамы молынан танылады. Көзқарасы жөнінен Алаш зиялыларына жақындығы көзге ұрып тұрады. Оның әдебиет майданындағы қарсыластарына айналған Сәкен Сейфуллинмен және Сәбит Мұқановпен арадағы пікірталастары бұған дейін де болған және кейінгі уақытта да толастап қалған жоқ.

1922 жылы көктемде Сәкен Сейфуллин Ташкентке келіп, «Ақ жол» газетінің бетінде бірнеше шығармасын, соның ішінде «Аш қазақ» атты өлеңін бастырады (1922, 22 сәуір). Сол кезде қазақ даласын жайлаған сұрапыл ашаршылыққа арналған бұл туынды «қазақ азаматтарына, қазақтың байларына тарту» ретінде ұсынылды. «Жұмысшы табының жыршысы» деп жүрген ақынның тосын «сый-сияпатын» түсінбестікпен қабылдаған Сұлтанбек оған қарсы «Кім жауапкер?» атты өлеңін [4, 212-213] «өтірік ұлтшыл, от басы ойбайшылдарына арнап» деген анықтама қойып жариялады. Сәкен бұған «Кім жауапкер, жолдас?» атты қарымта өлең (Ақ жол. 1922, 29 сәуір) жазса, Сұлтанбек «Ойлап көрші!» [4, 214-215] өлеңімен тағы жауап қайтарды. Осыдан соң, «Ақ жолдың» басқармасы: Токпақтың «Кім жауапкер?» һәм «Ойлап көрші» сөздері – һешкімді жекелеп кекетпестен, «Ақ жолда» сан жазылып келген жалпы түрдегі саяси жобаменен кеткен сөздер. Мұнан былай көпке қызықсыз сөзге, әсіресе айтыс қалыбында орын берілмейді», - деп, тартысты доғарды.

С.Қожанұлы Сәбит Мұқанов шығармашылығына байланысты өзінің бастапқы пікірінен айнымады. «Жаңа әдебиет» журналының 1928 жылғы 1-6 сандарында жарық көрген «Сұлушаш» поэмасы туралы орыс тілінде «Не все то золото, что... так именуется» («Жарқырағанның... бәрі алтын емес») атты көлемді рецензия жазып, идеялық және көркемдік тұрғыдан өткір сынға ұшыратты [10, 214-215]. Сәбит те есесін жібергісі келмей, Қазақстанда қызмет істеуіне тыйым салынып, Мәскеу мен Ташкент арасын жол қылып жүрген Сұлтанбектің есімі мен еңбегін «қара тақтаға» жазуға тырысты. Ол 1932 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Ұлтшылдық-байшылдық дәуірі (1-бөлім)» атты кітабында С.Қожанұлын «байшыл коммунист» деп сипаттап, алашордашылардың «қолдарына «Ақ жол» газетін берді» деп айыптады. «Сұлтанбек Қожанұлы коммунист бола тұра, «әдемі болған соң, бастысы, түріне қараңдар,

мазмұнына қарамаңдар» деп отыр. Мағжан өлеңінде басылғанның көбі осылай», - деп кінә тақты [10, 82].

Расында да, С.Қожанұлының қамқорлығы мен қолдауына ие болған шығармашылық тұлғаның бірі – Мағжан Жұмабайұлы. 1922 жылы белгілі ақын Бернияз Күлеев Мағжанның өлеңдер жинағын Қазан қаласында бастырып шығарса, 1923 жылы оның келесі кітабының Ташкентте жарық көруіне Сұлтанбектің көмегі тиді.

«Мағжан өлеңдері туралы бір-екі ауыз сөз» атты кіріспесінде Сұлтанбек кітапты шығарудағы көзделген мақсаттарды мына сипатта мазмұндайды: «М.Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап басып отырмыз... М.Жұмабайұлының өлеңдері әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз... М.Жұмабайұлы өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиет тану жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз». Алғысөз иесі ақын шығармаларының маңызын: «Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жұртта Мағжандай ақындардың қызметі зор екені анық. Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады», - деп түсіндіреді. Саяси мәніске назар аударған Сұлтанбек: «Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келген марксизм дүниесіне тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салуы керек, тарих мәнісіне жете түсінуі керек», - деп ескере кетуді де ұмытпаған [4, 310-312].

Келесі, 1924 жылы қарашаның 24-і күні Мәскеудегі Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде білім алып жүрген қазақ жастарының «Жерлестік» ұйымының отырысы болып, онда Мағжан шығармашылығы таразыға тартылды. Ал осыдан тура бес күн бұрын, яғни қарашаның 19-ында РК(б)П ОК-інің баспасөз бөлімінде кеңес өтіп, онда «Ақ жол» газетінің жұмысындағы кемшіліктер көрсетілген-ді. Сол іркестіркес екі басқосудың арасында байланыс бар екені айқын. Мағжан кітабына жазған алғысөзінде С.Қожанұлы: «Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек көзде тұттық», - деген еді. Алайда алдын-ала айтылған «сақтық сөздері» оны қатаң айыптаулардан құтқара алмады. Мағжанды талқылауға, шын мәнінде талқандауға арналған мәжілістің қаулысында: «Қазақ еңбекшілеріне коммунистер партиясының бағытымен жөн сілтеп, түзу басшылық етеді дейтін бірсыпыра коммунист жолдастар (Мағжан кітабының басылуына себепші болған жолдастар кіреді) жауапқа тартылсын», - деген бап бар еді. Бұл шешім тап сол сәтте Сұлтанбек Қожанұлының қызмет жолына бөгет бола алған жоқ. Өйткені қарашаның 27-сі күні ол Қазақ облыстық партия бюросының құрамына енгізіліп, жауапты хатшы лауазымына тағайындалды. Бірақ «Ақ жолға», Мағжанға, Сұлтанбекке қарсы ұйымдастырылған өз ара сабақтас шаралар қазақтың алашшыл зиялы қауымын қудалау бағытындағы «сценарийі дайын спектакльдің» алғашқы «репетициясы» секілді еді.

Мұны С.Қожанұлы толық сезінді. Бұл жөнінде екі басылымда бірдей – «Ақ жол» газетінің 1925 жылғы 28 қаңтардағы, «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 31 қаңтардағы сандарында жарық көрген «Менің жауабым» атты мақаласында егжей-тегжейлі баяндады [4, 92-95]. Мағжанның шығармашылығын қолдағаны, қызмет бабындағы мүмкіндіктерін пайдаланып, оған Мәскеуде білімін жетілдіруге жолдама бергені, материалдық тұрғыдан жәрдем көрсеткені – барлығы да биік лауазымды орында отырған адамға таяқ боп тиді.

1925 жылдың күзінде Қазақстаннан кетірілгеннен кейін С.Қожанұлының ұлттық баспасөз бетінде мақалаларының жарық көруі сиреп, соңынан мүлде тыйылды. Оның кейінгі жарияланымдары тек орыс тілінде ғана ұшырасады.

Соның ішінде әдебиет тақырыбын қозғайтыны – «О литературном языке и терминологии» («Әдеби тіл мен терминология туралы») атты теориялық мақаласы [4, 92-95]. Мұнда ол түркі тілдерінің тазалығы жөнінде мәселе қойып, өзбек тілін араб, парсы және шағатай тілдерімен шұбарлауды «шығыстық интернационализмнің» көрінісі деп

сынады. «Шығыстық орта ғасырдың өлі тұлыбын тірілтуге талаптанудың» құр әуре, қазіргі әдеби өмірге лайық еместігін ескертті. Ол өзбектің әдеби тілінің алдағы уақытта халықтың бұзылмаған табиғи тіл қайнарынан сусындайтынына сенім білдірді.

Тәжірибелік бөлім. С.Қожанұлы әдебиет алаңында белсенді ұйымдастырушы және зерделі сыншы ретінде ғана көрінбей, өзінің төл поэзиялық туындыларымен және аудармаларымен де танылды.

Ол бұл тараптағы идеялық-эстетикалық ұстанымын «Нені айтайын?» өлеңінде [4, 217] былай білдіріпті:

Нені айтам? Қыз, қызықты, сауық-сайран,
Білмесем суреттеуді бар ма айлам?
Көз көрмей, көңілде жоқ «сыршылдықты»
Керек қып іздегенмен табам қайдан?

Сүйіспеншілік сарыны мен табиғат тылсымын өлең өрнегіне кірістіру өнерін өзгелердің үлесіне қалдырған ол өзінің қаламгерлік қарымына қарайлас тақырыптарға табан тірейді. Әлгі өлеңдегі:

Жұрт барда, жұртшылық жоқ, еңбек һеш қой,
Ұйқасып, ұйқаспасын, соны айтайын! –

деген жолдар – оның ақындығының арқауы. Азаматтық және адамгершілік ауан, соған іргелес әлеуметтік әуез – С.Қожанұлы өлеңдерінің өзегі.

Сұлтанбек поэзиясының төркінін тануға апаратын жол оның өмірлік тәжірибесі мен таным-түсініктерін бағдарлаудан бастау алатыны анық. Оның сілтеген жолы, сенген жарығы – *жұртшылық, жұрттық*; сүйенген тірегі – *мемлекеттік билік*. Әлбетте, бұл айырықшаланған ұғымдардың ол үшін ауқым-аясы кең, мән-мағынасы терең болды. «Түркістанның жергілікті жұрттарының, әсіресе қырғыз-қазақтың кемшіліктерінің ең орасаны – жұртшылығы жоқтығы» (Жас қайрат. 1924, №2, 5-б.) деген ыңғайдағы пікірді қаламгер-қайраткер ұдайы қозғап отырған. Ал билік жайын келсек, бұл – оның қайраткерлігі мен қаламгерлігінің қабысуынан туған өзіне етене таныс тақырып. Осы екі мәселе ақын өлеңдерінде жақсы жарасым тапқан.

Бұрын «жұрт» пен «жұртшылық» сөздері бірін-бірі ауыстыра беретін еді. Сұлтанбектің «Нені айтайын?» өлеңіндегі «жұрт барда, жұртшылық жоқ» деген оралым олардың арасын ажыратты. Оның поэзиясында «жұртшылық» сөзі жаңа жүк көтерді. Сондықтан ақынның «Қазақ мақалдарынан» өлеңінің [4, 232] «Жұрттыққа сенген тарықпас» деген жолдармен басталуында заңдылық бар. «Кім жауапкер?», «Шынға ұсаған пікірлер», т.б. өлеңдерінде де Сұлтанбек осы төңіректегі ойларын орнықтырған (мысалы, «Жұртшылық азса, бұзақы/ Зорсынып шығар төбеге»; «Топтар жасау тап-тап боп – Жұртшылықтың амалы», т.б.).

Сұлтанбектің пайымынша, ұлтты келешекке жетелейтін немесе кейінге тартатын күш – билік басындағы азаматтар. Осы орайда оның «Бұл кім?» деп аталатын екі өлеңі бар. «Мұғалімдерге арнап» деп айдар тағылған бірінші өлеңінде (Ақ жол.1924, 8 ақпан, №402) ақын «құралы – оқу, қосыны – ұлт, қайтпас батыр қолбасының» бейнесін бедерледі. Себебі, оның ойынша, «мәдениеті тайыз, жұртшылығы жоқ, жұрт адамдары жоқ болғандықтан, ең бірінші жұрт адамдары – кеңес қызметкерлері, саяси жолбасшылар – қазақ арасында азғантай оқушы, учитель-мұғалімдерден ғана шықты» (Ақ жол. 1924, №460). Сөйтіп, Сұлтанбек өз өлеңінде мұғалімді көптің көсемі, жұрттың жанашыры, болашақтың бағдаршысы деп бағалайды. Екінші «Бұл кім?» өлеңінде де (Ақ жол. 1924, 28 шілде, №463) автор адамды сырттай суреттеп-сипаттап, оның панорамалық портретін жасау тәсіліне жүгінген. Бұл жолы оның қаламының қармағаны – сүйкімді емес, сұрықсыз бейне; өмірлік идеалына кереғар кейіпкер. Ол – тілмаш. Мұнда ақын: «Кейде алашшыл,/Кейде алапшыл,/Кейде дін, кейде түрік деп,/Кейде арамза, кейде аңқау,/ Болып, жұртты бүліктеп», - жүрген екі жүзді, екі жүзді емес-ау, қаласа елу жүзді болуға ебі жететін «теңі жоқ бір асыл зат» жанның кескін-кейпін көз алдымызға келтіреді. Оның табанының бүрі, тірлігінің баяны жоқ; мінез-құлқы мың құбылмалы. Ләззаты кем, лаж

күнкөріске жегілген. Оған азды-көпті ұлт теңдігі ұранын көтеріп, биліктегі бағын байлаған жаңа өкімет қаншалықты жат көрінсе, ақ патша дәуірінде өзімен айлас әрі армандас, құлықтас әрі құлқындас болған бай, болыс, бимен ашық сыбайласу, абайлап сыйласу саясат жөнінен де, бас сауғалау тұрғысынан да соншалықты қауіпті және қорқынышты секілденеді. Бірақ дәуірі тарылып, демі таусылып бара жатқан бұл бейбақтар жан бағу жолында кез келген айла-амалға бел байлап, сатқындық пен сұрқиялыққа бармақшы.

Бұдан бөлек, Сұлтанбектің тілмаштар жөнінде «Тілмаштарға бір сын» (Еңбекші қазақ. 1925, 10 қаңтар), «Мен-мен-менмін» (Ақ жол. 1924, №469) атты өлеңдері бар.

«Мен-мен-менмін» - бітімі ерекше туынды. Біріншіден, Сұлтанбек тілмаштың сыр-сипатын әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан таныту үшін оның өзін сөйлетіп, Абайдың «Болыс болдым мінеки» өлеңінің ізімен монолог түріндегі сатиралық портрет сомдайды. Екіншіден, әр шумағы *а-а-ә-а* ұйқасымен келетін төрт тармақтан және «Танысаң керек, мен-мен-менмін!», «Көрмейсің бе, мен-мен-менмін!», т.с.с. болып құрылған үстеме жолдан тұратын бас-аяғы он жеті шумақты бұл өлеңнің өне бойынан Махамбет Өтемісұлының «Мен, мен едім, мен едім» толғауының сарыны сезіледі. Сөйтіп, Сұлтанбек осы өлеңнің көркемдік кестесіне Абай мен Махамбет үлгісі арқылы өзгеше сонылық сіңірген.

С.Қожанұлы халық ауыз әдебиетінің де әсем, әдемі, әсерлі үлгілерінен үйренген. Мысалы, «Қазақ мақалдарынан», «Заманға лайық мақалдардан» секілді өлеңдерінің аттарының өзі-ақ мұны меңзейді. Сондықтан болар, ақын туындыларындағы азаматтық арындылық пен күрескерлік көңіл-күй әркез адамгершілікке және арлылыққа шақырумен сабақтасып жатады. Санаткер ретінде Сұлтанбекті ең алдымен өз ұлтының рухани ұмтылысының ахуалы толғантқанын аңғару қиын емес. «Жақсы менен жаманды айырмадың», - деп қазаққа кінә қойған Абай пікрінің астарын пайымдаған ол: «Сен бе жақсы? Жаман болса басқалар,/ Анық па сол?/Әуел соны ашып ал!» - деп, бар айыпты басқаға аударған адамның «судан таза, сүттен ақ» болып кетпесіне кепілдік береді. Ақын өлеңдері «Өлшенбей салмақ білінбес,/Сыналмай адам ашылмас», «Ары барға айтпай тиер кесек бар», «Өзі болар бір нәрсе жоқ,/Өзі келер жарық жоқ» секілді философиялық пайымдарға да толы.

Сұлтанбектің шығармашылық мұрасының бір бөлігі – аудармалары. Оның орыс ақындары К.Бальмонттан, А.Крайскийден, П.Арскийден, А.Безымянскийден, т.б. жасаған «Көктем ұраны», «Еркін еңбек гүлдесін!», «Кұйын», «Жас қосын», «Өмірдің қысқа ертегі», «Жаназа маршы» сияқты тәржіма өлеңдері бар.

Д.Бедныйдың 1914-1916 жылдардың арасында жазылған «Эзоп мысалдары» атты циклынан Сұлтанбек бес мысал аударған. Олар: «Қасқыр мен арыстан» («Волк и лиса»), «Жауап» («Ответ»), «Ат пен дөңгелек» («Колесо и конь»), «Көңілшек» («Добряк»), «Емен мен сыналар» («Дуб и клинья»). Бұлар – қазақ әдебиетінің қорына қосылған тың дүниелер.

Сұлтанбектің «Қасқыр мен арыстан», «Жауап» атты мысалдарында қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік астарлау арқылы бейнеленсе, «Ат пен дөңгелек» мысалында еңбексіз еленіп, бейнетсіз зейнет көргісі келетіндердің кейпі кескінделген. Автор бұл мысалдардың хикаяларын қазақ ұғымына лайықтап баяндап берген. Орысшадағы «Волк поднял вой», «божий суд», «справедливый гнев», «В своих упреках ты, конечно, был бы прав», «Хвалясь усердием чужим» деген тіркестердің «Деп қасқыр салды ойбайын», «тәңірім сұрар», «әділдік қаһары», «Сөзің шын, өзің мақұл болар едің», «Басқаның терін малданып» деп тапқырлықпен тәржімалануы – соның айғағы. «Жауап» мысалындағы: «Қашқан жауға қатын – ер,/Талапкер көп олжаға./Зорға қосшы табылад,/Жолдас қайда сорлыға?!» деген тұжырым түпнұсқада жоқ. Ол – аудармашының өз жанынан қосқаны.

Мысалда кей кезде автордың жеке басында болған жайттардың белгі беріп, таңбасын түсіруі ықтимал екендігін жоққа шығармаған жөн. «Емен мен сыналар» - соның дәлелі. Мысалдың мазмұны Балташының құрбаны боп жығылған Еменнің монологы түрінде айтылған. Емен баскесер Балташыдан гөрі, өз бұтағынан өрбігеніне карамастан,

кабырғасына кірш-кірш қадалған қайырымсыз сыналардан сескенеді. Түпнұсқадағы:

Все из моих ветвей – мои родные дети,

Зубами острыми впились в родную плоть! –

дейтін тармақтар: «Өзім тапқан балалар тістеп қатып» деп тәржімаланып, туындының түйіні ретінде аудармашының тарапынан: «Жұрт-ау, қарашы! Жоқ кегін менен алмақ», - деген бір жол үстелген. Бұл байлам – Сұлтанбектің жеке тағдырының жаңғырығы; өзі баулыған шәкірттерінің келеңсіздіктеріне күйінген шақтағы көңіл күйінің көшірмесі. Балташы-Сталиннен де бетер, сыналар кейпіндегі сатқындардың Сұлтанбектің жанын талай жаралағаны белгілі.

Қорытынды. С.Қожанұлының қазақ әдебиетінің тарихында алатын өзіндік орнын бағамдау үшін оның қайраткерлік және қаламгерлік қызметін тұтастықта алып қарастыру қажет. Бұл үшін зерттеу барысында оның шығармашылығының қалыптасуына әсер еткен тарихи-әлеуметтік, жеке-психологиялық және идеялық-көркемдік факторлар ескерілді; тарихи және шығармашылық тұлғасында кездесетін қайшылықты тұстардың себептеріне архивтік фактілердің негізінде сараптама жүргізілді; қоғамдық-саяси және әдеби-эстетикалық көзқарастарының негіздері байыпталды; ақындық, аудармашылық және публицистік қызметі тығыз бірлікте қарастырылып, олардың тақырыптық, жанрлық, тілдік, стильдік ерекшеліктері жүйеленді; редакторлық қызметінің тиімділігі мен пәрменділігі сараланды.

Соның нәтижесінде ең алдымен С.Қожанұлының әдеби қызметі ХХ ғасыр басындағы Алаш идеясымен сабақтас екендігі тұжырымдалды. Ол ел көсемдері А.Байтұрсынұлымен және М.Дулатұлымен қоян-қолтық араласа жүріп, аға ұрпақтың жолын өнеге тұтты. Ұлы ақын М.Жұмабайұлының талантын жоғары бағалай біліп, іс жүзінде қолдау көрсетті. «Ақ жол» газетінің айналасына ең алдыңғы қатарлы ұлт зиялыларын топтастырып, олардың қаламгерлік қызметінің өркендеуіне жағдай жасады. Әдебиеттің ұлттық платформада дамуына тілектес болды. Мұның бәрі – С.Қожанұлының қайраткерлік ұстанымы, бағыты мен табандылығының көрінісі.

С.Қожанұлы бойындағы қабілетін іске жаратып, жеке шығармашылықпен шұғылдануға да мүмкіндік тапты. Зор ізденістері мен жігерлі ұмтылыстарының арқасында ол өз заманындағы Батыс пен Шығыс өркениетінің рухани жетістіктерін кемел меңгерген, мәдени сауаты биік адамдардың қатарынан табылып, қазақ поэзиясының ілгері басуына өлеңдерімен және көркем аудармаларымен атсалысты. Қазақ және орыс тілдерінде бірдей әдеби-сын мақалалар жазды. Бұл – С.Қожанұлының жан-жақты тұлғасының әбден еленуге тұрарлық қасиеті.

Фото 2.

Сұлтанбек Қожанов оқыған мектеп. Түркістан қаласы.



Фото 3.

Сұлтанбек Қожанов оқыған мектеп. Түркістан қаласы.



Фото 3. Қызы Зиба ұлы Санжар



Фото 4. С.Қожанұлы мен онын жұбайы
Гүлэндам, қызы Зибамен бірге. Ташкент. 1920ж.

Фото 5.



Сұлтанбектің 100 жылдығына арналған кеш.
Оң жақтан: Зиба Сұлтанбекқызы Қожанова (екінші),
Үлнәр Міржақыпқызы Дулатова, Шолпан Ахметқызы
Байтұрсынова.



Залдан көрініс. Екінші қатарда бірінші отырған –
Сұлтанбектің немересі Светлана.



Гүлнәдам апай қызы Зибамен.



Зиба Сұлтанбекқызы ~~Сөзак~~ ауданындағы (Оңтүстік
Қазақстан облысы) С. Қожанов атындағы мектеп
оқушылары арасында.

Әдебиеттер тізімі

1. Раджапова Р.Я. Имя, возвращенное истории и народу (Султанбек Ходжанов)//
Общественные науки в Узбекистане. 1988, №12, С.17-30.
2. Мұқанов С. Өмір мектебі (Есею жылдары). Үшінші кітап. Алматы, Жазушы, 1970,
472 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Керуен (Құраст. Т.Қоңыратбаев). Алматы, Жалын, 1989, 216 б.
4. Қожанұлы С. Шығармалары (Құраст. А.Шәріп). Алматы, Арыс, 2009, 352 б.
5. Ақ жол. 1924. 3 сәуір №421.
6. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.9. XX ғасыр басындағы Алаш
әдебиеттануы. Алматы. Әдебиет әлемі, 2012, 368 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, Ана тілі, 1991. 240 б.
8. Садуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. (Құраст. Д.Қамзабекұлы).
Астана, Нұра, Астана, 2013, 376 б.
9. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын
және зерттеу мақалалары (Құраст. Г.Дулатова, С.Иманбаева). Алматы. Мектеп, 2003, 392 б.
10. Замандас. Не все то золото, что... так именуется// За партию. 1929, №1-2. С.88-92.
11. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.7: Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ
әдебиеті. 1-бөлім (Ұлтшылдық, байшылық дәуірі). Алматы: Әдебиет әлемі, 2012, 420 б.

Аннотация: В статье литературная деятельность видного государственного и общественного деятеля Султанбека Кожанулы рассматривается с двух сторон. Во-первых, оценивается вклад С.Кожанулы в развитие казахской литературы 20-го годов XX века в контексте его активной организаторской работы. Это находит отражение в защите творчества Абая Кунанбайулы, Ахмета Байтурсынулы от левацкой критики пролеткульта, создании благоприятных условий для

занятия творчеством великому поэту Магжану Жумабайулы и издании его сборника стихов со своим предисловием, публикации лучших произведений талантливых казахских поэтов и писателей того периода (М.Әуезулы, Ж.Аймауытулы, И.Жансугурулы, А.Маметулы и др.) на страницах газет «Бирлик туы» и «Ак жол», которыми он руководил. Во-вторых, определяются основные направления художественного творчества самого С.Кожанулы и рассказывается о его поэтической, переводческой, а также литературно-критической деятельности. Подвергаются анализу идейно-художественное и жанровое своеобразие его стихотворений, особенности художественных переводов из произведений русских поэтов, литературные взгляды.

Abstract: The article describes the literary activity of a prominent state and public figure Sultanbek Kozhanuly from two sides. First one is the contribution of S. Kozhanuly to the development of Kazakh literature of the 20s of the 20th century in the context of his active organizational work is estimated. This is reflected in the protection of the creative work of Abai Kunanbayuly, Ahmet Baitursynuly from the leftist critics of the Proletkult, the creation of favorable conditions for the creative work of the great poet Magzhan Zhumabayuly and the publication of his collection of poems with his foreword, the publication of the best works of talented Kazakh poets and writers of the period (M.Auezuly, J.Aimauly, I.Zhansuguruly, A.Mametyly, etc.) on the pages of the newspapers *Birlik Tuy* and *Ak Zhol*, which he directed. Second one is the main directions of artistic creativity of S. Kozhanuly are defined and it is told about his poetic, translation, and also literary-critical activity. The author analyzes the ideological, artistic, and genre originality of his poems, features of literary translations from the works of Russian poets, and literary views.